

Егіндікөл ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтары жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Ақмола облысы Егіндікөл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 12 қыркүйектегі № 8С33-5 шешімі

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Егіндікөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Егіндікөл ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтары жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Егіндікөл аудандық мәслихатының төрағасы

Қ.Шынтеміров

Егіндікөл аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 12 қыркүйек
№ 8С33-5 шешіміне
қосымша

Егіндікөл ауданыны бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Жылына 1-ші тұрғынға жинақтау нормасы, м3	Есептік бірлігі	ҚТҚ қызметтердің құны (ҚҚС-сыз тенге)			Барлығы (ҚҚС-сыз тенге)
			Жинау және тасымалдау	Көму	Сұрыптау	
Жайлы үйлер	1,86	Бір тұрғынға айына	465	111,6	-	576,6
Жайлы емес үйлер	1,88		470	112,8	-	582,8
Заңды және жеке тұлғалар үшін бірлікке (көлемге) жылдық тариф	-	1 м3	3000	720	-	3720

